

ШЖҚ «Бәйдібек аудандық орталық аурухана» МКҚ –ның

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ 8 маусым 2019 жылғы №2 отырыс

### ХАТТАМАСЫ

Шаян ауылы.

8 маусым 2019 ж.

1. Отырысқа қатысқан Байқау Кеңес мүшелері :

1) М.Б.Пазилов –Байқау Кеңес төрағасы .

2) Г.А.Шардарбекова –Байқау Кеңес мүшесі.

3) А.Б.Елеусіз-Байқау Кеңес мүшесі.

4) А.А. Ақбаева –Байқау Кеңес мүшесі.

2. Қатыспаған Байқау Кеңес мүшесі-Т.Д.Алиев-Байқау Кеңес мүшесі (қатыспау себебі жазбаша хабарлама)

Байқау Кеңес отырысы басталған мерзімі сағ 10-30, 2019 жылдың 8 маусым күні

3. Шешім қабылдау туралы кворум-бар

4. Шақырылғандар: Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Б.Рысбеков, медициналық сапасы жөніндегі орынбасары А.Спабеков, емхана жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Айтуаров, әкімшілік –шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Е.Еркебайұлы, Бас экономист Б.Темиров және мамандар бөлімінің инспекторы А.Толешова.

4. Байқау Кеңесінің хатшысы-Б.Р.Жунисбеков

### КҮН ТӘРТІБІ

1. Қ.Р Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша Департаментінің 21.05.2019 жылғы №06-265-05/1533 шығыспен түскен ұсынысын қарау.
2. Байқау кеңесінің хатшысының ережесін бекіту.

Байқау Кеңес күн тәртібі бойынша ШЕШІМ етті.

Отырыспен күн тәртібі БЕКІТІЛСІН

Дауыс беру қорытындысы:

Қолдағаны - 4 дауыс

Қолдамағаны — дауыс

Шешім 4 дауыспен қабылданды.

Күн тәртібі бойынша сөз алған ШЖҚ « Бәйдібек аудандық орталық аурухана»бас дәрігері, Кеңес мүшесі Г.Шардарбекова Кеңес мүшелеріне «Қ.Р Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша Департаментінің 21.05.2019 жылғы №06-265-05/1533 шығыспен түскен ұсынысымен таныстырып, ауруханалардағы әкімшілік персоналдың үлкейтілген штаттары туралы фактілер анықталғанын, ұсыныста кәсіпорында кәсіптік қажеттілік және тиімді басқару бойынша міндеттерді ескере отырып, Бас дәрігерінің орынбасарларының санын 2-3 орынбасарға дейін оңтайландыру керек екенін атап өтті.

Күн тәртібі бойынша сөз алған бас экономист Б.Темиров қазіргі таңда халықтың медициналық көмекке сұранымын және медициналық ұйымдарының қуатын айқындау әдістемесін әзірлеу, Бастапқы медициналық-санитарлық, консультативтік-диагностикалық және стационарлық көмек көрсететін желісінің мемлекеттің нормативтерін айқындау менеджмент функцияларын енгізу жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілмей отырғанын, сондықтан мәселе Бас дәрігердің орынбасарларының санын оңтайландыру керек болса орынбасар лауазымын денсаулық сақтау саласындағы менеджмент штат бірлігіне ауыстыруға ұсыныс білдірді.

Күн тәртібі бойынша байқау кеңес мүшелері орынбасарлардың сандарын оңтайландыру барысында менеджмент штат бірлігіне ауыстыруға емхана жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымын ауыстыруға ұсыныстарын білдірді .

Байқау Кеңес сөз алған мүшелердің пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТТІ**

1. Орынбасарлардың сандарын оңтайландыру барысында менеджмент штат бірлігіне ауыстыруға емхана жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымын ауыстыруға

Дауыс беру қорытындысы:

Қолдағаны - 4 дауыс

Қолдамағаны — дауыс

Шешім 4 дауыспен қабылданды.

Күн тәртібі бойынша екінші мәселе бойынша сөз алған Кеңес төрағасы М.Б. Пазиров, осы Кеңестің жұмысын Қ.Р. Заңнамаларының талабына сәйкес жүргізу мақсатында Кеңестің алғашқы, яғни 3 сәуір 2019 жылғы отырысында хатшы сайланған.

Хатшының жұмысы Кеңес отырысында бекітілген ЕРЕЖЕГЕ сәйкес жүргізілуі керек (ЕРЕЖЕ үлгісі Кеңес мүшелеріне таныстырылды).

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Байқау Кеңесі ШЕШІМ ЕТТІ.

1. Байқау Кеңесінің хатшысының жұмыс ережесі БЕКІТІЛСІН.

Дауыс беру қорытындысы :

Қолдағаны 4 дауыс.

Қолдамағаны — дауыс .

Шешім 4 дауыспен қабылданды .

Отырыс аяқталу мерзімі сағ «\_12-00\_» 8 маусым 2019 жыл

Комиссия төрағасы:




М.Б.Пазиров


Комиссия мүшелері:



1. Г.А Шардарбекова



2. А.Б.Елеусіз



3. А.А Ақбаева

Комиссия хатшысы : Б.Р.Жунисбеков.